

"Орталықтандырылған мемлекеттік сатып алу" пилоттық жобасын іске асыру жөніндегі жол картасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 2 қазандағы № 732 қаулысы.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 20 мамырдағы кеңесте берген тапсырмаларын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Орталықтандырылған мемлекеттік сатып алу" пилоттық жобасын іске асыру жөніндегі жол картасы (бұдан әрі – Жол картасы) бекітілсін.

2. Жол картасының орындалуына жауапты орталық мемлекеттік органдар, облыстардың, Нұр-Сұлтан қаласының әкімдіктері және ұйымдар (келісу бойынша):

1) Жол картасын іске асыру бойынша қажетті шараларды қабылдасын;

2) тоқсанның соңғы айының 25-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне Жол картасының іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жол картасының іске асырылу барысы туралы ақпарат беруді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 2 қазандағы
№ 732 қаулысымен
бекітілген

"Орталықтандырылған мемлекеттік сатып алу" пилоттық жобасын іске асыру жөніндегі жол картасы

Р/с №	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындау мерзімі	Қаржыландыру көздері және болжамды шығыстар (мың теңге)
1	2	3	4	5	6

1.	ОМС пилоттық жобасын іске асыратын мемлекеттік органдар тізбесін айқындау	Қаржыминінің бұйрығы	Қаржымині	2019 жылғы қазан	талап етілмейді
2.	ОМС пилоттық жобасын іске асыру жөнінде ұсыныстарды әзірлеу бойынша ведомствоаралық жұмыс тобын құру	Қаржыминінің бұйрығы	пилоттық жобаның МО	2019 жылғы қазан	талап етілмейді
3.	ОМС пилоттық жобасын іске асыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу	жұмыс тобы отырысының хаттамасы	пилоттық жобаның МО	2019 жылғы қазан	талап етілмейді
4.	ОМС пилоттық жобасы шеңберінде бірыңғай ұйымдастырушылар мен тапсырыс берушілердің өзара іс-қимыл тәртібін әзірлеу	Қаржыминінің бұйрығы	пилоттық жобаның МО	2019 жылғы қазан - қараша	талап етілмейді
5.	ОМС пилоттық жобасы шеңберінде бірыңғай ұйымдастырушылар мен тапсырыс берушілердің өзара іс-қимылы бөлігінде нормативтік құқықтық актілерге түзетулер енгізу	Қаржыминінің бұйрықтары	Қаржымині , Әділетмині	2019 жылғы қазан - қараша	талап етілмейді
6.	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу комитетін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетіне біріктіру жолымен қайта ұйымдастыру	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині , Әділетмині, ҰЭМ	2019 жылғы қазан - желтоқсан	талап етілмейді
7.	Қайта ұйымдастырылған комитеттің және оның аумақтық бөлімшелерінің ережелерін, құрылымдарын және штаттық санын бекіту	Қаржыминінің бұйрықтары	Қаржымині , Әділетмині, ҰЭМ	2020 жылғы қаңтар - ақпан	талап етілмейді
8.	Пилоттық жобаның МО мемлекеттік сатып алу бойынша басқармаларының (бөлімдерінің) штаттық санын ішкі резерв есебінен ұлғайту және олардың ережелерін, құрылымдарын және штаттық санын бекіту	Облыс әкімдігінің (аудан әкімдігі) қаулысы, бұйрықтары	пилоттық жобаның МО	2019 жылғы қараша	талап етілмейді
9.	ОМС пилоттық жобасы мәселелері бойынша мемлекеттік сатып алу веб-порталының функционалын қайта қарау	мемлекеттік сатып алу веб-порталының функционалын пысықтау	Қаржымині , "ЭҚО" АҚ (келісу бойынша)	2019 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
10.	Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы базасында ОМС пилоттық жобасы бойынша вебинарлар өткізу	вебинарларды өткізу	Қаржымині , МБА (келісу бойынша)	2019 жылғы желтоқсан- 2020 жылғы наурыз	талап етілмейді
	ОМС пилоттық жобасын Пилоттық жобаның МО іске асыру	орталықтандырылған мемлекеттік сатып		2020 жылғы	

11		алуды ұйымдастыру және өткізу	пилоттық жобаның МО	қаңтар қыркүйек	- талап етілмейді
12	ОМС пилоттық жобасын іске асырудың ай сайынғы мониторинг және талдау нәтижелері бойынша орталықтандырылған мемлекеттік сатып алу моделін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу	есеп беру, ұсыныстарды іске асыру	Қаржымині, пилоттық жобаның МО	2020 жылғы қаңтардан қыркүйекке дейін ай сайын	талап етілмейді
13	ОМС пилоттық жобасының қорытындысы	Үкіметке және Президент Әкімшілігіне ақпарат	Қаржымині, пилоттық жобаның МО	2020 жылғы шілде	талап етілмейді

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

Әділетмині	– Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
Қаржымині	– Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
МБА	– "Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
ОМС	– Орталықтандырылған мемлекеттік сатып алу
пилоттық жобаның МО	– Қаржы министрлігінің бұйрығымен бекітілген ОМС пилоттық жобасын дайындауға қатысатын мемлекеттік органдар
ҰЭМ	– Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі
"ЭҚО" АҚ	– "Электрондық қаржы орталығы" акционерлік қоғамы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК